

«БЕКІТЕМІН»

**«Манғыстау облыстық
жоғары медициналық
колледжі» ШЖҚ МҚҚ
басшысы**

С.Насиголлакызы

«05» 09 2023ж.



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЯСАТЫ

**Маңғыстау облысы деңсаулық сақтау басқармасының
«Маңғыстау облыстық жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ МҚҚ**

1. Жалпы ережелер

1. «Маңғыстау облыстық жоғары медициналық колледжі» ШДЖҚ МКК-ның (бұдан әрі – Кәсіпорын) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясаты (бұдан әрі – Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясат) Кәсіпорындағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі принциптерін, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және онымен күресу, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарын барынша азайту және (немесе) жоюдың басқарушылық және ұйымдастыру шылық негіздерін белгілейді. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының аталған ережелері мүмкін болатын сыйбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алуға, Кәсіпорында сыйбайлас жемқорлықты қатаң қабылдамауды қалыптастыруға бағытталған.

2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді іс-қимыл жүйесін құруға бағытталған қызмет.

3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша Кәсіпорын лауазымдық тұлғаларының құзыреті аясындағы қызметі:

1) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу, соның ішінде сыйбайлас жемқорлық себептерін анықтау және жою (сыбайлас жемқорлықтың алдын алу);

2) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтау, алдын алу, бұлтартпау және ашу (сыбайлас жемқорлықпен күрес).

4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың ережелері Кәсіпорынның барлық қызметкерлеріне қатысты.

2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың мақсаты мен міндеттері

5. Лауазымдық міндеттерді орындау кезінде сыйбайлас жемқорлықтан бас тартатын және әділеттік пен тұрақтылық принциптерін қамтамасыз ететін Кәсіпорын қызметкерлерінің құқықтық мәдениетін қалыптастыру Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі мақсаты болып табылады.

6. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың міндеттері:

1) сыйбайлас жемқорлыққа әкеп соғатын себептер мен жағдайларды жою;

2) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу;

3) Кәсіпорын қызметкерлерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін, сондай-ақ Кәсіпорын қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды қатаң сақтауға тәрбиелеу болып табылады.

3. Сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары

7. Кәсіпорындағы сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу мынадай негізгі шараларды қолдану арқылы жүзеге асырылады:

1) төмендегілер арқылы Кәсіпорын қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлық тәртібіне төзбеу қылышын қалыптастыру:

- қызметкерлерге сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында КР заңнама нормалары мен басқа да актілерін түсіндіру;
 - Кәсіпорын қызметкерлеріне Кәсіпорында және квазимемлекеттік сектордың өзге мемлекеттік органдары мен ұйымдарында анықталған сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы мәлімдеу;
 - Кәсіпорын қызметкерлерімен түсіндіру әңгімелерін өткізу;
- 2) Кәсіпорынның лауазымды тұлғаларына және қызметкерлеріне, соның ішінде бос лауазымға отыратын үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптарын қою;
- 3) қағиданы кадрлық жұмыс тәжірибесіне енгізу, соған сәйкес лауазымды тұлғаның өзінің қызметтік міндеттерін ұзак, мінсіз және тиімді орындауы оны жоғары тұрған лауазымға тағайындаған кезде немесе оған сыйақы беру кезінде міндетті тәртіпте ескерілуге тиіс;
- 4) Кәсіпорын қызметкерлерін, сондай-ақ үшінші тұлғаларды алаяқтық, асыра пайдалану және басқа да заңға қайшы әрекеттерді жасауға қатысты белгілі фактілер немесе күдіктер туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген әдістермен хабарлау құқығымен қамтамасыз ету.

4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі бағыттары

8. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша Кәсіпорын қызметінің негізгі бағыттары:
- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында Кәсіпорынның бірінғай саясатын жүргізу;
 - мемлекеттік органдармен, сыртқы ұйымдармен, сондай-ақ азаматтармен және азаматтық қоғамның және институттарымен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Кәсіпорынның өзара іс-қимыл жасау механизмін құру;
 - Кәсіпорын қызметкерлерін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға барынша қатысуға тартуға, олардың ойын сыйбайлас жемқорлық тәртіпке деген жағымсыз көзқарасты қалыптастыруға бағытталған әкімшілік және өзге де шараларды қабылдау;
 - қызмет көрсеткен кезде, адал, ашық, әділ бәсеке мен әділдікті қамтамасыз ету болып табылады.

9. Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға және/немесе Кәсіпорын қызметкерін сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасауға итермелеге қатысты белгілі фактілер немесе күдіктер туралы ақпаратты билетін Кәсіпорынның өзге де қызметкерлері, сондай-ақ үшінші тұлғаларды тарту фактілері туындаған жағдайда, Кәсіпорын қызметкерлері Кәсіпорынның басшылығына дереу хабарлауға міндетті.

10. Бұндай әрекеттердің жасалуы туралы өтініш қажет болған жағдайда жауапкершілікке тарта отырып және уәкілдегі мемлекеттік органдарды хабарландыра отырып, тексеріледі және өзінің логикалық сонына жеткізіледі.

5. Мұдделер қақтығысын болдырмау және реттеу тәртібі

11. Кәсіпорын қызметкерлері:

- 1) мұдделер қақтығысы туындауының кез келген мүмкіндігін болдырмау жөніндегі шараларды қабылдауға;
- 2) мұдделер қақтығысының туындауы немесе туындау мүмкіндігі туралы өзі білген уақытта дереу өзінің тікелей басшысына хабарлауға;
- 3) мұдделер қақтығысын болдырмау және реттеу жөніндегі өзге де шараларды қабылдауға міндетті.

12. Мұдделер қақтығысын болдырмау және реттеу мұдделер қақтығысы тарапы болып табылатын Кәсіпорын қызметкерінің лауазымдық немесе қызметтік дәрежесінің өзгеруі түрінде, тіпті белгіленген тәртіпте қызметтік міндеттерді орындаудан босатылуы түрінде болуы мүмкін.

6. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы үшін жауапкершілік

13. Кәсіпорын қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауапқа тартылады.